

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1494

Мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыру және үкіметтік қарыз алуды тарту процестерін реттеу мониторинг пен есепке алуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) оның функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріле отырып т а р а т ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген

тәртіппен:

1) Комитетті таратуды жүзеге асырсын;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

3. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 мамырдағы N 574

Р990574\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 19, 201-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК